

Сарқырама



- судың өзен арнасын көлденең кесіп өтетін тік жартастан құлап ағуы.

Цунами



- мұхит түбіндегі жер сілкінуден пайда болатын сұрапыл, өте биік қуатты толқын.

Тау



- жер бетінің жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан, етегі, беткейі, шыңы бар бөлігі.

Арал



- түгелдей сумен қоршалған құрлықтың бір бөлігі.

Көл



- жер бетіндегі суға толы табиғи ойпаң.

Шығанақ



- мұхит немесе теңіз суының құрлыққа үш бұрыш жасап, сұғына еніп жатқан бөлігі.

Жанартау



- төбесінде шұңқырға ұқсас кратері не ойысы бар, күмбез тәрізді геологиялық түзілім.

Мұзтау



- мұхит пен теңіздерде жүзіп жүретін немесе шөгіп жататын аса ірі мұз кесегі.

Климат



- белгілі бір жерде жыл сайын қайталанатын ауа-райының көп жылдық режимі.

Түбек



- құрлықтың мұхитқа немесе теңізге сұғына үш бұрыш жасап, еніп жатқан бөлігі.

Глобус



- жер шарының, айдың, аспан денелерінің кішірейтілген нақты үлгісі.

Топырақ



- жердің беткі, құнарлы және борпылдақ үстіңгі қабаты.

Шөл



- ауа температурасы құбылмалы, жауын-шашын өте аз түсетін климат жағдайында қалыптасатын ландшафтың түрі.

Оазис



- шөл және шөлейтті жерде жер асты суы жақын жатқан, шөптесін өсімдік өскен көгалды алқап.

Жел



- жер бетіндегі ауаның көлденең бағыттағы қозғалысы.

Материк



- жан-жағын мұхиттар шайып жатқан, қозғалмалы және тұрақты бөліктерден тұратын өте үлкен, күрделі гетероктекті денелер жиынтығы.